



## **"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 559 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Жоба**

Қазақстан Республикасының Заңы

### **Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы**

Осы Заң мүлкін жария ететін адамдарды Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жекелеген құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершіліктен босату жолымен мүлікті жария ету бойынша мемлекеттің бір жолғы акциясын жүргізуді реттейді.

#### **1-бап. Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының осы Заңда белгіленген тәртіппен мүлкін жария ететін азаматтары мен заңды тұлғаларына қолданылады.
2. Жария етуге заңға сәйкес тіркеуге жататын, ақшадан, сондай-ақ осы Заңның 2-бабында көрсетілген мүліктен басқа, құқықтары заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделмеген жылжымайтын және жылжымалы мүліктер жатады.
3. Осы Заңның күші осы Заңның 6 және 7-баптарында көрсетілген құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік жаза берілген, сотталған адамдарға қолданылмайды.

#### **2-бап. Жария етуге жатпайтын мүлік**

1. Жария етуге құқықтары сот тәртібімен дауланатын, және сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар, жеке тұлғаға, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне, меншікке, мемлекеттік қызмет мүдделеріне, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке, халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстардың нәтижесінде алынған мүлік жатпайды.
2. Осы Заңда көзделмеген тәртіппен мүлік жария етілген жағдайда жергілікті атқарушы орган жария етуді жарамсыз деп тану туралы сотқа жүгінеді.

### **3-бап. Мүлікті жария ету мерзімі**

Мүлікті жария ету мерзімі алты айды құрайды және осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң басталады.

### **4-бап. Жария етілген және жария етуге ұсынылған мүлік туралы ақпарат**

1. Жария етілген және жария етуге ұсынылған мүлік туралы ақпарат жариялауға ж а т п а й д ы .

2. Жергілікті атқарушы органдарда осы Заңға сәйкес жария етілген және жария етуге ұсынылған мүлік туралы ақпараттың болуы кез келген, соның ішінде қылмыстық қудалауды жүзеге асыру немесе әкімшілік жаза шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу әрекеттерін өткізу үшін негіз бола алмайды.

### **5-бап. Мүлікті жария етуді жүргізу рәсімі**

1. Мүлікті жария ету мүлкін жария етуге тілек білдірген адамдардың белгіленген нысанда өтініш берушінің мүлікке заттық құқығын растайтын құжаттарын қоса бере отырып, өтініш беруі арқылы жүзеге асырылады.

Ө т і н і ш т і :

жылжымайтын мүлік жөніндегі - мүліктің орналасқан жері бойынша жергілікті а т қ а р у ш ы о р г а н ғ а ;

жылжымалы мүлік жөніндегі - жергілікті атқарушы органға:

жеке тұлғалар тұрған жері бойынша;

заңды тұлғалар заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша береді.

2. Өтініш беруші жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа, оның жеке басын куәландыратын құжаттарды, ал заңды тұлғаның өкілдері жарғысының (ережесінің), заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлігінің нотариалдық куәландырылған көшірмелерін, салық есебіне қойғаны туралы анықтамасы мен олардың өкілеттігін растайтын құ ж а т т а р д ы ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і .

3. Жария ету мерзімі ішінде берілген мүлікті жария ету туралы өтініш жергілікті атқарушы органға өтінішті берген күннен бастап 10 жұмыс күн ішінде қаралуы тиіс.

4. Осы Заңда белгіленген талаптар сақталған кезде жергілікті атқару орган жария етілген мүлік тізіліміне мәліметтерді енгізеді және жария етілетін мүлікті сатып алумен , иеленумен және пайдаланумен байланысты осы Заңның 6 және 7-баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін жауапкершіліктен босатуға негіз болып табылатын мүлікті жария ету туралы ресми құжат (бұдан әрі - ресми құжат) береді.

5. Осы Заңда белгіленген талаптар сақталмаған жағдайда ресми құжатты беруден бас тартудың себептерін көрсете отырып, өтініш қайтаруға жатады.

Өтінішті қайтару үшін негіз болып табылатын себептер жойылған кезде тұлға жария ету мерзімі ішінде мүлік жария ету туралы қайта өтініш беруге құқылы.

6. Өтініштің, ресми құжаттың, жария етілген мүлік тізілімінің нысандарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7. Мүлік ресми құжат бергеннен кейін келесі күні, ал мемлекеттік тіркеуді талап

ететін жағдайларда, оны Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырғаннан кейін жария етілді деп танылады.

Мүлкін жария еткен тұлғалар жария ету мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай өткеннен кейін көрсетілген мүлікке иелік етуге құқығы бар.

Құқықтары мемлекеттік тіркеуге жататын жария етілген мүлікке иелік етуге жол бермеу мақсатында осындай мүлік туралы ақпарат тіркеуші органдарға ұсынылады.

#### **6-бап. Мүлкін жария ететін адамдар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылатын қылмыстар**

Осы Заңның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген азаматтар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190, 192, 215 (бірінші бөлігі) 218, 221, 222-баптарында көзделген қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

#### **7-бап. Мүлкін жария ететін адамдар жасағаны үшін жауапкершіліктен босатылатын әкімшілік құқық бұзушылықтар**

Осы Заңның 1-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 118, 120, 137, 143, 146, 154, 155 (бірінші бөлігі), 178, 179, 185, 205-209, 236, 237, 239, 253-баптарында көзделген әкімшілік жауапкершіліктен босатылады.

#### **8-бап. Заңды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін лауазымды адамдардың жауапкершілігі**

Осы Заңның талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда мемлекеттік органдардың тиісті лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауапкершілікте болады.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*